

238. СҮЛУ КӨКШЕ

Сөзі: Г. Сейітназаровтікі

Орындаған Қайрат Байбосыновтікі

Сөзі: К. Байбосыновтікі
Орындаған Жәнібек Қарымсақов

Аспаптың атауы

Орташа, шалқыта

Сен бе Көк-ше, сұ-лу жыр-дың ар - қа-уы, Сен бе даңқ-қа
бө-леп кел-ген ар - қа - ны. Ө-ңі-рің-нен көр-ген - дей-мін мен қа-зір,
Ар - да - ге - рің А - қан тап - қан ал - қа - ны

Сен бе Көкше, сұлу жырдың арқауы,
Сен бе даңққа, бөлеп келген арқаны.
Өңірінен көргендеймін мен қазір,
Ардагерің Ақан тапқан алқаны.

Сексен көлің, толқытады жан-жанды,
Жұпар желің, міне, желпи бастады.
Бұйра толқын толқып кетсе көлдерің,
Құшағында тербетеді аспанды.
Тасқын еңбек шабытындай әр күнің,
Міне, мен де толықсыдым, шалқыдым.
Өзімменен ала кетсем шіркін-ай,
Тулап жатқан Көкшенің бір толқынын.